

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№07 (520) 15 сәуір 2022 жыл



АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ: 30 ЖОБА – 30 БАҒЫТ

Биылғы жыл Ахмет Ясауи университетінің мерейлі жылы. Оқу орнының іргесінің қаланғанына – 30 жыл! Сондықтан жыл басынан бері мұнда күн құрғатпай түрлі шаралар бірінен соң бірі тізбектеліп өтіп жатыр. Солардың ішіндегі ең салмақтысы – университеттің 30 жылдық мерейтойына арналған «30 жоба» идеясы.

Қазірдің өзінде университет базасында Түркістан облысындағы жалпы білім беретін мектептердің оқу және тәрбие ісі меңгерушілері, сынып жетекшілері қатысқан «Ясауи көктемгі мектебі» өтіп, 243 мұғалімге біліктілік сертификаттар табысталды. Ботаникалық бақтағы Түркістанның төл қызғалдағы қауыз ашып үлгерді. Лингвистикалық орталық пен Тұрақты даму ғылыми-зерттеу орталығы жұмыс істей бастады.

«Ана жұрттан ата жұртқа – денсаулық көпірі» жобасы аясында Түркиядан ЛОР және көз ауруларына пластикалық ота жасайтын дәрігерлер келіп, 6 ота жасап үлгерді. «Ана жұрттан ата жұртқа – білім көпірі: 100 оқулық» жобасы бағытында Түркия Республикасының таңдаулы 11 оқулығы қазақ тіліне аударыла бастады. Бұйыртаса, мамыр айында Теология факультеті мен «Түркология» ғылыми-зерттеу институты жаңа ғимаратының қазығы қағылатын болады.

Алда медицина, теология, халықаралық қатынастар, туризм, IT, электроэнергетика мамандықтарына қос дипломдық білім беру бағдарламаларын дайындау, «Түркістан 2040: келешек келбеті» концепциясын әзірлеп, оның

құрылтайын өткізу, стратегиясын белгілеу жоспары тұр. Түркі әлемі интеграциясындағы Түркістан концепциясы да кезек күттірмейтін мәселе. Таяу маңда «Ахмет Ясауи тіл мектебі» қазақ тілін шетелдіктерге үйретуді қолға алатын болады. Өңірдің жасыл

ҚЫСҚА ҚАЙЫРҒАНДА

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ПРОКУРАТУРАСЫМЕН ҮНТІМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ ТҮСПЕК

Оқу ордамызға Түркістан облысының бас прокуроры Марат Әлиханов, аталмыш мекемеде қызмет етіп жүрген университетіміздің түлектері арнайы ат басын бұрды. Кездесуге ректор Жанар Темірбекова, ректор өкілі Женгиз Томар, университет ұжымы мен студенттер қатысты.

Жиында ректор өкілі Женгиз Томар қонақтарды университет өмірі және қызметімен таныстырды. Ректор Жанар Амангелдіқызы университетіміздің басты миссияларының бірі – қоғамға пайдалы болу екенін айта отырып, бүгінгі жүздесудің маңызы жоғары екендігін атап өтті.

ҒЫЛЫМ ДЕКАДАСЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Университетімізде 12-сәуір Ғылым күніне орай өткізілген он күндік декаданың жабылу салтанаты өтті. 8-сәуір күні басталған іс-шараларда оқу ордамыздың ғалымдары салалары бойынша кездесулер, ZOOM платформасында дөңгелек үстелдер өткізді.

Жабылу салтанаты шарасында оқу орда ректоры Жанар Темірбекова, университеттің ғылыми әлеуеті мықты екендігін айтты. Ғалымдарымыздың еңбектері мен ізденістері тіпті әлемдік рейтингте жоғары тұрғандығын жеткізді.

Сонымен қатар Ректор Өкілі Женгиз Томар ғалымдардың мәртебесі әрқашан биік тұратынын айтып, әр күніміз білім мен ғылым күні болсын деген тілек білдірді.



аймағына көрік беретін ботаникалық бақ толық реконструкциялаудан өткелі тұр. «3D модельдеу», «Цифрлық педагогика», «Электр жүйелерін цифрлық модельдеу» оқу зертханалары ашылып, Huawei IT Академиясы жұмыс істейтін болады. Түркістанның материалдық емес мәдени мұрасын зерттеу де қолға алынбақ.

Бұл жобалар университеттің ғана емес, Түркістан облысының да рухани-экономикалық әлеуетін арттырып, Түркиямен арадағы байланысты одан сайын күшейте түсетін болады.

Бекжігіт СЕРДӘЛІ,
профессор

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ШАРА ӨТТІ

Бүгін университет кітапханасында ғылым апталығы аясында «Ясауи мұрасы және оның қазақ руханиятындағы танымы» атты тағылымы мол шара өтті. Жиынға университет ғалымдары мен студент жастар қатысты. Аталған шараға Ясауитану ҒЗИ директоры Нұрлан Мансұров модераторлық етіп, жастарға Ясауи мұрасын кеңінен айтып: «Ясауи мұрасы әлі күнге дейін өз дәрежесінде зерттеліп, ғалымдар тарапынан лайықты бағасын алған жоқ. Ясауи мұраларын ғылыми тұрғыдан танып, білу тәуелсіз Қазақстан мемлекеті мен қазақ халқының ұлттық идеясын қалыптастыруда, бейбіт өмір сүру принциптерін нығайтуға қызмет етеді», - деді.

Танымы мол кездесуде сөз алған дінтанушы ғалым Зікірия Жандарбек: «Ясауи ілімін оқып, үйрену, ата-бабаларымыздан үзілмей жалғасып келе жатқан дәстүр сабақтастығының ұрпақ санасының жоғалмауына, соның арқасында рухы мықты ұлт санатында қала беруге ықпал жасайды», - деді.

Шара барысында студент жастар тақырып аясында өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын қойып, жауап алды. Тіпті, алдағы уақытта Ясауи мұрасын тек өз өңірімізде ғана емес, республика көлемінде насихаттап, ілімін жеңіл тілмен жеткізуді қолға алсаңыздар деген ұсыныстарын да жеткізді.

Сонымен қатар «Фараб» кітапханасынан келген маман Ясауи мұрасына байланысты алдағы күндері үлкен жоба ұйымдастырып жатқанын айтып, студенттердің сонда қатысып, өз үлестерін қосса деген тілек білдірді.

БІРЕГЕЙ ЖОБА ЖЕМІСТІ ЖАЛҒАСУДА

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес Басқармасының бастамасымен жүзеге асып келе жатқан «Ана жұрттан ата жұртқа – денсаулық көпірі» жобасы жемісті жалғасын табуда. Жоба аясында университеттің Клиника-диагностикалық орталығына Түркия Республикасынан білікті дәрігерлер кезең-кезеңімен келуде. Осы орайда профессор, доктор Алпер Жейлан, профессор, доктор Гүлendam Боздайы, дәрігер Сүлейман Жебежи мен дәрігер Муаммер Мелих Шахин оқу ордамызға бір апталық мерзімге арнайы келді.

ЛОР және көз ауруларына пластикалық ота жасайтын мамандар қазіргі таңда ЛОР патологиясы бар 6 ота жасады. Өртүрлі дәрежедегі септо-ринопластика оталары заманауи жолмен жасалып, сәтті аяқталды. Атап айтар болсақ, мұрын жарақаттарынан кейінгі асқыну жағдайында қабырға шеміршегін қолдана отырып, мұрынның қажетті пішіні мен өлшемін жасау үшін мүмкіндік туындатты. Бұл ота – Түркістан қаласында тұңғыш рет жүзеге асып отыр! Сонымен қатар, офтальмологиялық созылмалы дакриоцистит диагнозына заманауи әдіспен Түркістан облысында алғаш рет эндоназалды эндоскопия әдісімен дакриоцисториностомия отасын 2 науқасқа сәтті жасап шықты. Бұған қосымша 4 блефароптоз ауруларына заманауи пластикалық операциялар жасалды.

Денсаулық сақтау саласындағы бірегей жоба алдағы кезеңде де жалғасын тауып, білікті мамандар келетін болады.

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

Шымкент қалалық кардиохирургиялық орталықпен меморандум түзілді



Университетімізде Шымкент қалалық кардиохирургиялық орталықпен меморандум түзілді. Кездесуде «University Medical Center» корпоративтік қоры медициналық директорының орынбасары Алтай Нұғманұлы, Шымкент қалалық кардиохирургиялық орталығының басқарма төрағасының міндетін атқарушы Дархан Жорабекұлы және де Шымкент қалалық кардиохирургиялық орталығының медициналық қызметтердің сапасын бақылау және стратегиялық даму жөніндегі директорының орынбасары Гүлмира Мұратқызы арнайы келді.

Жиын барысында университет ректоры Жанар Темірбекова оқу ордамызда жасалып жатқан жұмыстарға тоқталып өтіп, соның ішінде негізгі басымдықты медицина саласына бағыттап жатқандығын айтты. Себебі университетте бүгінгі таңда 10000-нан аса студент білім алып жатса соның 40 % болашақ медицина мамандары екендігін жеткізді.

Шымкент қалалық кардиохирургиялық орталығының басқарма төрағасының міндетін атқарушы Дархан Сүйгенбаев алдағы уақытта меморандум аясында бірлесіп жұмыс жасайтындығын айтты. Сонымен қатар «University Medical Center» корпоративтік қоры медициналық директорының орынбасары Алтай Нұғманұлы, университетте атқарылып жатқан жұмыстарға таңданысын білдіріп, алдағы шаруаларға сәттілік тіледі.

КІТАПХАНА ҚОРЫ ТАҒЫ ДА ТОЛЫСТЫ

Оқу ордамыздың кітапханасында педагогика ғылымдарының докторы, профессор, географиядан республикалық атаулы мектебінің ғылыми жетекшісі Ұлжалғас Есназарова мен география оқулықтарының авторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің профессоры Амангелді Темірбеков қонақта болды. Қадірлі меймандар оқу ордамыздың кітапханасына өздерінің кітаптары мен әдістемелік оқу құралдарын сыйға тартты.

Аталған жиынға өңір мектептерінің география пәнінің мұғалімдері мен болашақ географтар қатысты.

Естеріңізге сала кетейік, 9 сәуір күні оқу ордамызда «Географиялық білім берудегі озық ой және заманауи көзқарас» тақырыбындағы география пәні мұғалімдерінің республикалық съезі өткен болатын. 300-ден аса географ мамандар қатысқан шарада өзекті мәселелер көтеріліп, министрлікке өз базиналарын жеткізген еді.

Ұлжалғас Әмзеқызы жиналған жұртшылыққа сол съездің өтуіне ҚР Білім және ғылым министрлігі мен Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім академиясы ұйытқы болғанына аса ризашылықпен тоқталды. Бүгінгі таңда география пәнін оқыту жүйесіне съезд шешімдерінің іске асуын республика мұғалімдері күтіп отырғанын айтты. Соның бірі — мектептер мен ЖОО-нда Қазақстан географиясы пәнін оқыту жүйесінің қайта оралатындығы.

Шара барысында ендігі кезекте Түркі тілдес елдер географиясына көп көңіл бөліп, сол бағытта жұмыс жасау керекпіз деген ұсыныс айтты. Сонымен қатар өлкетану бағыты бойынша бүкіл түркі дүниесінің астанасы Түркістан қаласы мен Түркістан облысының географиясын барынша зерделеп, оны жасап шығу керек дегенді жеткізді. Себебі, туған жерді отанды сүю үшін оны жақсы білуің керек деп қорытындылады.

Келелі кездесуде мұғалімдер сөз алып, қонақтарға үлкен алғыстарын білдіріп, алдағы уақытта бірге жұмыс жасайтындығын жеткізді. Съезде көрмеге қойған оқулықтарын ХҚТУ кітапханасына сыйға берді.



АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ QS WORLD UNIVERSITY RANKINGS BY SUBJECT 2022 РЕЙТИНГІНДЕ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті пән бағыттарының рейтинг нәтижелері бойынша – QS World University Rankings by Subject 2022 әлемнің үздік университеттерінің қатарына енді.

QS Quacquarelli Symonds — жоғары білім саласындағы халықаралық аналитикалық орталық. Ол биыл әлемнің 88 нүктесіндегі 1543 университетінің 51 академиялық пән бағыты бойынша 15200 дербес университеттік бағдарламалар арасында он екінші QS World University Rankings by Subject рейтингін шығарды.

QS командасы пәндік бағытта 17700-ден астам рейтингтік позицияларда бағалау жүргізді. Бұл сандар осы пәндік рейтингті құрастыру үшін жасап жатқан QS тобы жұмыс көлемінің едәуір екендігін көрсетеді.

Үміткер-университеттер пән бағыттары бойынша бакалавриат немесе жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын бағалауға ұсынды. Университеттер әртүрлі зерттеу көрсеткіштері арқылы бағаланды және оның ішінде QS Global Academic and Employer Surveys нәтижелері де бар. Биылғы рейтингті жасау үшін QS тобы шамамен 96 миллион рет сілтемелер жасалған 14,7 миллионнан астам бірегей мақалаларды талдады.

Биылғы пәндік рейтингте:

- Қазақстанның 6 университетінің 31 бағдарламалары — саны бойынша ең көп ұсынылған 50-ші ел;

- Үздік 100 бағдарлама бойынша Қазақстанның 3 университеті — 3 бағдарламамен әлемдегі жоғары білімі бар елдер арасында 42 орында;

- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2022 жылғы пәндік рейтингте тұрған 2 пән бағыты — рейтингтегі позицияларын 100%-ға жақсартты,

- «Академиялық бедел» рейтингінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Білім» бағыты үздік көрсеткішке жетіп, 73,6 ұпай жинады.

- “Жұмыс берушінің беделі” рейтингінде университеттің ең жақсы нәтижелерін «Білім» бағыты көрсетіп, 68,8 ұпай жинады;

- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Білім» бағыты дәйексөздер саны бойынша ең жоғары балл иеленді (35);

- H-Index рейтингінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Білім» бағыты 37,9 ұпай жинады.

Ахмет Ясауи университеті өз тарихында әлемнің ең үздік университеттерінің пәндік рейтингіне биыл алғаш рет енді және бірінші қадамнан-ақ бірден үш рейтингке қатарынан ілінді:

- «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» (Arts & Humanities) салалық рейтингінде 5 пәндік бағыт ішінен 1-ші орынды иеленіп, жалпы 61,9 ұпаймен әлемдік 362-ші орынға шықты.

- «Заманауи тілдер» (Modern Languages) пәндік рейтингінде 201-250 аралығындағы позицияда;

- «Білім және оқыту» (Education and Training) пәндік рейтингінде 301-350 аралығындағы позицияда.

Әлемнің үздік университеттерінің пәндік рейтингіндегі тамаша нәтижемен баршаңызды құттықтаймыз!

Ахмет Ясауи университетінің
Стратегиялық даму, рейтинг және сапа
орталығы

КӨРКЕМДІК БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰҢҒЫШ ҒЫЛЫМ ДОКТОРЫ

Қазақстанда көркемдік білім беру ісінің дамуы бейнелеу өнері мен сызу пәні мұғалімдерін еліміздегі жоғары оқу орындарында өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының екінші жартысында педагогикалық институттарда «Бейнелеу өнері және сызу» пәнінің мұғалімдерін даярлау ісімен тығыз байланысты. Қазақстанда аталған мамандық бойынша жоғары оқу орындарын бітірушілердің арасында суретші педагогтардың орны ерекше өлшемдері бар.



Қазақстан Республикасы Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Суретшілер одағының мүшесі Ералын Қуандық Ералыұлы 1969 жылы Шымкент педагогикалық институтына бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша оқуға түсіп Институтты 1973 жылы осы мамандық бойынша алғашқы бітірушілер қатарында аяқтаған. 1973-1975 жылдары Жусалыдағы № 414 орыс орта мектебінде педагогикалық қызметін бастады. 1973-1974 жылдары Кеңес Армиясы қатарында болды.

1975-1996 ж.ж. өзі білім алған Шымкент педагогика институтының көркемсурет-графика факультетінің «Бейнелеу өнері» кафедрасының оқытушысы (1975-1978), аға оқытушысы (1978-1986), доцент, факультет деканы (1986-1993), профессоры (1993-1996), кафедра меңгерушісі (1993-1996), факультет деканы (1986-1989) қызметтерін атқарды.

В.И.Ленин атындағы Москва мемлекеттік педагогика институтында 1985 жылы кандидаттық, 1993 жылы докторлық диссертациясының Москва мемлекеттік педагогика университетінде осы сала бойынша кеңес кезеңіндегі бесінші ғалым болып қорғады. Ол жас ұрпаққа өнер пәндері арқылы көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие беру және болашақ мұғалімдер мен өнер саласындағы ғалым-педагогтарды даярлау саласының Қазақстандағы тұңғыш ғылым докторы.

1996-2004 ж.ж. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университетінде «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедраларының меңгерушісі, мәдениет және өнер факультетінің деканы қызметтерін атқарды. Кафедраларды кәсіби мамандармен толықтыруды қамтамасыз етуге зор үлес қосты. 2004 жылдан бастап А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде «Бейнелеу өнері» кафедрасын ашып, кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Қазіргі кезде осы кафедраның профессоры қызметінде.

Ералын Қуандық Ералыұлы ұстаздық қызметімен қоса «Бейнелеу өнеріне оқыту

үрдісінде халықтық көркемдік дәстүрлерін игерту мәселелері» тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеумен айналысады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, қазақ мектептеріне арналған «Бейнелеу өнері арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие беру» (Алматы: Мектеп, 1988) оқу құралын дайындап, қазақ мектептерінің оқу үрдісіне енгізген. 1997-2004 жылдары Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің тапсырмасымен, «Қазақстан жоғары оқу орындарындағы өнер мамандықтарының («Бейнелеу өнері және сызу», «Дизайн», «Сәндік өнер») мемлекеттік оқу стандарттары мен білім беру бағдарламаларын дайындаған авторлардың бірі.

Мектептік бейнелеу өнері пәнін оқыту, эстетикалық тәрбие беру мазмұнын қайта құру мәселелеріне бағытталған «Қазақстан бейнелеу өнері арқылы көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие беру мүмкіндіктері» (2008-2017 жж) тақырыптарында, ғылыми зерттеу жұмыстарын орындаған. Зерттеу нәтижелері бойынша 300-ден аса Халықаралық, республикалық және алыс, жақын шетелдік ғылыми-конференцияларда баяндамалар жасап, мақалалар жариялаған. Қазіргі кезде «Болашақ көркемдік білім мамандарын кәсіби құзіреттіліктерін дамыту» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жүргізілуде.

2003-2007 ж.ж. «Этнодизайн өнімдерін ұлттық құндылық ретінде қолданудың өнертанымдық-педагогикалық негіздері», 2008-2011 ж.ж. «Рухани-мәдениет құндылықтары негізінде эстетикалық тәрбие мазмұнын ізгілендірудің педагогикалық негізі» тақырыптарында, мектептің бейнелеу өнері пәнін оқыту мазмұнын қайта құру мәселелерін зерттеу жұмыстарын жүргізген және республикалық ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру конкурстарына қатысқан.

1999-2004 жылдары М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің 13.00.02 – бейнелеу өнерін бастауышта, орта мектепте және жоғары оқу орнында оқыту мен тәрбиелеу мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғау ғылыми кеңесінің мүшесі, төраға орынбасары, 2004-2010 жылдары А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде докторлық диссертация қорғау ғылыми кеңесінің мүшесі болды. Ғылыми кеңестің жұмысын жандандыруға Ұлы дала еліне бейнелеу өнері саласынан ғалым кадрлар даярлау ісіне ат салысты.

Ералын Қуандық Ералыұлы 49 жылдық педагогикалық қызметі мен ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында мыңдаған мектептің кәсіби мамандарын, бейнелеу өнері және сызу мұғалімдерін, киім дизайнерлерін, сәндік өнер суретшілерін, 4 педагогика ғылымының докторын, 14 педагогика ғылымының кандидатын, «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының елуден аса магистрін дайындады.

Қазақ халқының өнердегі рухани-эстетикалық, мәдени құндылықтарын жас ұрпақ тәрбиесінде пайдаланудың маңызы мен болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін даяр-



лау туралы ғылыми-зерттеулерінің нәтижелерінен халықаралық, республикалық ғылыми конференциялар, семинарлар мен симпозиумдарда баяндамалар жасап, 56 мақаласы ҚР БҒМ бекіткен Жоғары Аттестаттау Комитеті журналдарында (бұрынғы ЖАК) жарық көрді. Ол өзінің ғылыми педагогикалық қызметтерінің нәтижелерін Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы, теле-радио хабарлары және газеттік мақалалары арқылы Ұлы дала бейнелеу өнерінің тарихын, көркемдік білім беруді, эстетикалық тәрбие беру, болашақ мұғалімді даярлау мәселелерін үнемі зерттеп, насихаттап келеді. Қуандық Ералыұлының баспадан жарық көрген ғылыми, әдістемелік мақалаларының, оқу-әдістемелік құралдары мен оқулық еңбектерінің саны 300-ден асады. 13.00.02 –

«Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» мамандығы бойынша Кеңес Одағындағы алғашқы бестіктегі ғылым докторының бірі, Қазақстандағы осы мамандық бойынша тұңғыш ғылым докторы ретінде оның ғылыми зерттеу еңбектеріне 200-ден астам кеңестік, ТМД елдерінің және отандық көптеген зерттеушілерінің кандидаттық, докторлық диссертацияларында сілтеме жасалған.

Мектептік көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие мазмұнын жандандыру, болашақ педагог-мамандар даярлау жүйесін жақсартуға бағытталған ғылыми-педагогикалық жұмыстарының нәтижелері: республика мектептерінің оқу үрдісіне енгізілген «Бейнелеу өнері» пәнінің 1-6 сыныптарға арналған (1987) төл оқу бағдарламасының (Алматы: Рауан, 1992) ұлттық мазмұндағы әдістемелік нұсқаулы мазмұндық құрылымында; «Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» (2009. 225 б.); «Сызуды оқыту әдістемесі. Оқу құралы» (2015. 106 б.); «Дизайн негіздері. Оқу құралы» (2014, 227 бет); «Бейнелеу өнері терминдері, Оқу құралы» (2015. 142 б.); «Этнодизайн. Оқу құралы» (2015. 224 б.) және «Бейнелеу өнері мамандық пәндерін оқыту әдістемесі». Оқу құралы» (2014. – 186 бет); «Композиция. Оқу құралы» (2010, 223 бет); «Мамандыққа кіріспе. Оқу құралы» (2014. – 236 бет); «Түстану» (2018, 120 б) және сонымен қатар ЖОО арналған 22 авторлық оқу бағдарламасы мазмұнында көрініс тапқан.

Ералын Қуандық Ералыұлының 14 мақаласы алыс (Германия, Түркия, Болгария, Индия т.б.) және ТМД (Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан) жақын шет елдерінің ғылыми журналдарында: өнерге баулудың педагогикалық –әдістемелік мәселелері, Қазақ халқының рухани, өнертанымдық құндылықтарымен, көрнекті бейнелеу өнері тұлғаларының ғылымдағы, өнердегі жетістіктерімен алыс шетел оқырмандарын таныстыруды көздеген мақалалары шет тіліндегі журналдарда жарияланған.

Ералын Қуандық Ералыұлы ұстаздық, ғылыми педагогикалық қызметтерімен қатар шығармашылық жұмыстармен айналысады. Тақырыптық картиналар жазып, сәулет ғимараттарына көркем безендіру жұмыстарын жасайды. Оның шығармашылық жұмыстары еліміздегі Нұрсұлтан, Шымкент, Түркістан қалаларындағы, шет елдердегі Ақдениз, Фази университеттеріндегі (Түркия) көркемсурет көрмелеріне қатынасқан. Бірқатар шығармашылық еңбектері Ақдениз, Фази университеттеріндегі (Түркия) Ахмед Ясауи университетінің көркемсурет галереяларында сақтаулы.

Ералын Қуандық Ералыұлы «Ы.Алтынсарин» медалімен марапатталған (2010). Ол «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі» (1978), «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» (1998) атағына ие. Қазақстан Республикасы Мәдениет қайраткері (2007), БҒМ «Жоғары



оқу орынының үздік оқытушысы 2008», «Жоғары оқу орнының үздік оқу орнының үздік оқытушысы 2015» атағы мен грантының екі мәрте иегері. Оның өнертанымдық, ғылыми-педагогикалық қызметі туралы мәліметтер «Қазақстан ғалымдары» энциклопедиясына (Алматы: Инновациялық технологиялар институты, 2015) және «Оңтүстік Қазақстан суретшілері» атты энциклопедияға, «Оңтүстіктің зиялылары» атты жинаққа енгізілген (2006), ғылыми жинақтарда мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған.

Ералын Қуандық Ералыұлы Ұлы дала еліне, Түркістан, Ақтөбе облысы мен Шымкент, Түркістан қалалары мектептеріне бейнелеу өнері және сызу көркем еңбек мұғалімдерін, сәндік өнер және дизайн өнері мамандарын даярлау және аталған қалалардың сәулеттік көркемдік безендіру жұмыстары мен мәдени тәрбиелік іс-шараларына ұзақ жылдар бойы белсенді қатысып келеді. Біз суретші педагог ғалым Қуандық Ералыннің шығармашылық, өнертанымдық, педагогикалық қызметінен арт білім берудің заманауи өлшемін көруімізге болады.

Жалғас БЕЙСЕНБЕКОВ,
Бейнелеу өнері кафедрасының доценті,
педагогика ғылымдарының кандидаты



ДЕНСАУЛЫҚ

УНИВЕРСИТЕТ КЛИНИКАСЫ -

Клиника-диагностикалық қызмет көрсету орталығы А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті клиникалық-диагностикалық орталығының (КДО) құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Ол ЖОО білім алатын контингенті мен профессор – оқытушы құрамына жоғары сапалы, арнайы тегін кеңес беру – диагностикалық көмек беруге арналады. Халықаралық ғылым мен тәжірибені ұштастыра отырып, заманауи жоғары техникалық медициналық жабдықтарды қолданып, халыққа мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмекті қамтамасыз етуде.

Бәріңізге белгілі, оқу орнымыз – Қазақстандағы жеке клиникасы бар бірден-бір университет. Бүгінде студенттеріміздің 35 пайызы медицина бағыты бойынша білім алып қана қоймай, аталған клиникада мол тәжірибе жинап, маман ретінде қалыптасады. Дәл осы себепті Клиника-диагностика орталығының жұмысына ерекше мән береміз.

Университетіміз клиника жұмысын, медицина және стоматология факультеттерінің оқу үдерісін қолдау үшін көптеген жобаларды жүзеге асырып келеді. Олардың ішіндегі ең ауқымдысы – «Ана жұрттан ата жұртқа – денсаулық көпірі» жобасы. Бұл жоба былтырдан бастап қолға алынды. Жоба аясында бірнеше жұмыстар орындалуда. Атап айтсақ:

2021 жылдан бастап бүгінге дейін 16 дәрігеріміз Түркия Республикасы Стамбул қаласында біліктіліктерін арттырып келді. Ал Түркия Республикасынан әртүрлі мамандық бойынша 20 профессор келіп, өз тәжірибелерін бөлісіп, медицина факультетінің ОПК-ы және студенттеріне дәріс берді. Түркиядан келген Prof. Dr.

пациент төсегі, тоңазытқыш, науқас үстелі, тумбочка сияқты ең қажетті жабдықтар әкелінді. Жеткізілген барлық құрал – жабдықтар заман талабына сай. Науқасқа жеңіл болуы үшін үстелдер оңай жылжиды, электронды-моторлы пациент төсегі де арнайы пультті режимде ыңғайлы қалыпқа ауысып отырады.

Пандемиямен күрес аясында Түркия елінен ХҚТУ Клиника-диагностикалық орталығына COVID-19 науқастарына 8 дана кардиомонитор жіберілді. Сондай-ақ, Өкілетті Кеңес коронавирусу-



спен күресу бағытында көптеген медициналық жабдықтар жіберді, айта кетсек: 3 қабатты бетперде -100 000 дана, Комбинезон — 10 300, ИВЛ аппарат — 10, Инфузомат — 22, Аспиратор — 7, Реанимацияға арналған коагулятор — 1, Гинекологияға арналған коагулятор — 2, Феталды монитор — 2, Спирометр — 2, ЭКГ — 5, Холтер — 5, Термометр — 15, Маска №95 (FFP3) — 750, Пульсоксиметр — 70, Инфузиялық сорғылар жиынтығы — 1000, Мұрындық оттегі канюласы — 250, Хирургиялық маска — 2500, Қорғаныс маскасы — 75, қолғаптар (хирургиялық, медициналық) — 3000, Трахеостомиялық канюла — 100, Матрас — 25, Шприц (5,10,20 мл) — 9000, Медициналық жүйе (тамшылатқыш үшін) — 2500, Бір реттік операциялық алжапқыш — 500, Тамшыға арналған штатив — 250, Қауіпсіздік көзілдірігі — 50;


Ректор Жанар Темірбекова Истиние университетінің ортопедия-травматология факультетінің профессоры Фатих Кучукдурмаз, Анкара Йылдырым Баязит университетінің доценті, хирург Махмуд Недим және Н.Ж. Батпенев атындағы ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығының директоры Олжас Бекарисов сынды қонақтармен жүздесіп, медицина саласындағы түйткілді

Harun Cansız, Prof. Dr. Mehmet Yavuz Coşkun, Doç. Dr. Mehmet Velidedeoğlu және Dr. Öğr. Doğan Çakan және т.б мықты әрі беделді мамандар Түркістан мен Шымкентте науқастарға кеңестерін беріп, ота жасады. Олар келесідей медицина салалары бойынша көмек көрсетті: Отоларингология, Педиатрия, Ортопедия, Инфекциялық, Эндокринология, Кардиология, Торакальды хирургия, Урология, Генетика, Анатомия

2021 жылғы қазан-қараша айларында өңірдің 108 дәрігері Түркістан облысы әкімдігі қолдауымен Түркияға 2 аптаға барып, алдыңғы қатарлы медициналық клиникаларда біліктілігін арттырды. Мұндағы басты мақсат – халық денсаулығын жақсарту. Тағылымдамадан өтіп келген дәрігерлерге сертификат салтанатты түрде табысталды.

2021 жылдың 29 қыркүйек күні Түрік Ынтымақтастық және Үйлестіру Агенттігі (ТИКА) ұйымдастыруымен, Өкілетті Кеңес басқармасы қолдауымен 100 бала сүндеттелді.

Университетке қарасты Клиника-диагностикалық орталық заманауи құрал-жабдықтармен толықты. Түрік Ынтымақтастық және Үйлестіру Агенттігі (ТИКА) клиникамызды 290-ға жуық материалдық жабдықпен қамтамасыз етті. Пациент төсегі, электронды-моторлы



Өңір Медицинасының Озық Үлгісі

мәселелерді талқылады. Сондай-ақ, тараптар білім беру, ғылыми, кәсіби және мәдени қызметті қолдау бойынша ортақ жобаларды жүзеге асыруға уағдаласты.

Осылайша, Өкілетті Кеңес тарапынан «Анажұрттан Атажұртқа Денсаулық Көпірі» бағдарламасы бойынша 125 560 300 теңге нақты ақшалай қаржылық көмек көрсетілді.

Одан өзге, Түрік Ынтымақтастық және Үйлестіру Агенттігі (ТИКА) «Клиника-диагностикалық орталық жабдықтарын қолдау жобасы» аясында 43 600 000 теңгеге қаржылай қолдау көрсетті.

ҚЫЗМЕТ САПАСЫ МЕН МАМАНДАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

Университетімізге қарасты Клиника-диагностика орталығы мамандарының біліктілігін арттыру және қызмет сапасын жақсарту бойынша тұрақты жұмыс жүргізіледі. Осылайша:

Түркия Республикасынан келген спирометрия аппаратының қызметін іске асыру мақсатында пульмонолог дәрігеріміздің біліктіліктерін арттырдық.

2021 жылы емханамызда айрықша педиатриялық көмек, нефрологиялық көмек көрсету сапасы жақсартылды. Емханалық қызметтің сапасын арттыру мақсатында неврологиялық диагностика аппараттары іске қосылып, мамандар қайта біліктілік арттыру курсына жіберілді.

2022 жылдың басында емханадағы күндізгі бөлімнің қызметі 12 орындық бейіндерге көбейтіліп, қызмет көрсету сапасы артты.

Сондай-ақ, қызмет сапасын арттыру үшін қажетті жабдықтар жаңартылды. Мәселен, 2021 жылы аудиокабина, рентген аппарат, автоклав стерилизация, наркозды-тыныс алу аппараты, жанаспалы емес тонометр, УЗИ, ЭЭГ/ЕЕГ – 2 дана, ЭМГ/ЕМГ – 1 дана, ЭКГ/ЕКГ – 3 дана, урологиялық тұтқа литотриптор, велотренажер, жүру имитаторы, гальванизацияға арналған Поток-1, үстел вертикализатор, УВЧ-60, УЗТ аппараты, қол буындарына арналған массажер, саусақтарды бүгіп-жазуға арналған тренажер сатып алынды.

Ал 2022 жылы жалпы құны 110 000 000 теңгеге функционалды-диагностика 16 срезді Томография аппараты сатып алынды.

НАУҚАСТАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Клиника-диагностика орталығының инфрақұрылымдық жағдайы жақсарып, материалдық базасы толыққан кейін науқастарға қызмет көрсету сапасы да едәуір жақсарды.

2020 жылы клиникамызға келген науқас саны 100725 болса, 2021-жылы – 126271 болды, яғни көрсеткіш 25%-ға артты. Ал жатып емделгендер саны, тиісінше 2020 — 3377 науқас, 2021 жылы – 4476 болды. Өсім 32,5 %-ды құрады.

Бұдан бөлек, клиникамызда

жасалған оталар саны 89 % жоғарылады. Осылайша, 2020 жылы – 789 науқасқа, ал 2021 жылы – 1440 емделушіге операция жасалды.

Лаборатория анализ саны 2020 жылы — 136107 болса, 2021 жылы – 144257 болды, яғни 6% өсті.

Функционалды диагностика жасалған науқастар саны 2020 жылы – 20693 адамды, 2021 жылы — 25804 адамды құрады, яғни 25 % жоғарылады.



Клиника қызметі жанданып, науқастар саны артуына байланысты қызметкерлердің де жалақысы едәуір ұлғайды. 2020 жылы дәрігерлер 141000 теңге алса, 2021 жылы еңбекақысы 222000 теңгеге жоғарылады; Мейірбикелер бұрын 148 000 теңге алса, 2021 жылдан бастап 171 000 теңгеге өсті; Әкімшілік қызметкерлері 125000 алса, 2021 жылдан бастап 205 000 теңге төленіп отыр; Санитарлық қызметкерлердің жалақысы 2020 жылы 74 000 теңгеден 2021 жылы 108 000 теңгеге артты. Сонымен қатар, қызметкерлердің 1 түн 16 сағаттық кезекшіліктеріне

төленетін үстемақы да өсті:

Дәрігерлерде – 2020 жылы -12078тг, ал 2021 жылы — 31765тг;
Мейірбикелерде – 2020 жылы — 7808тг, ал 2021 жылы — 15227тг.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

2021 жылы Клиника-диагностика орталығы Кардио Тараз мекемесімен келісім-шарт жасады. Бұл ынтымақтастық аясында клиникамызға Ангиография аппараты орнатылды. Болашақта Ангиография аппаратымен жүрек-қан тамыр хирургиясы, қан тамырлар хирургиясы, урологиялық ангиографияны, жүрек ангиографиясын, сонымен қатар аритмологиялық қызметтерді көрсету жоспарлануда.

Сондай-ақ, қазіргі таңда Қазақстанның жетекші зертханаларының бірі «Олимп» компаниясымен келісімшартқа қол қойылды, барлық құралдар қайта жаңартылды және зертхана жөндеуден өтті.



БІЛІМГЕР

Студенттер беті

АУДИТОРИЯ



ВИРУСТАН ДА ҚОРҚЫНЫШТЫ, БҰЛ ДҮНИЕДЕ КҮНІНЕ МИЛЛИАРД АДАМДАРДЫ УЛАП ЖАТЫР

Ояна салып бірінші істейтін жұмысымыз телефон қарау. Кешке ұйықтардан бұрын ең соңғы жұмыс телефон қарау. Мүмкін жан тапсырардан бұрын, ең қия алмайтын дүние телефон болатын шығар...

Аз ойланайықшы, адамдар телефонды меңгере ме? жоқ телефон адамдарды меңгеріп бара жатыр ма?



Зерделі телефон дәуірінде, әрбір адам күніне телефонға сан рет басын иіп өмір сүруде. Сол бас идіргіштің көзге бүкіл денеге тигізген зиянына қарамастан тоқтаусыз соған құлшылық етуде...

Кейбір көреген адамдар, телефон арқылы алысты жақындатып, қиынды оңайластырып үлкен құн жаратып жатса, ең аяныштысы көптеген адамдар түктен-түк жоқ уақытын сарып қылып, ақылды телефон ішіндегі ақылсыз, арзан ойын-күлкіге мәз болып күндерін өткізіп жатыр.

Көпке топырақ шашпаймын, сол телефонға телміріп бос уақытты өткізгенді қояйық! Оның орнына ғылым-білім үйренейік. Телефонға телміргенше, өмірлік рухани азық болатын кітап оқысақ нұр үстіне нұр болар еді?!

Құмаргүл Досанхан,
3-курс студенті

БОЛАШАҒЫМЫЗ - БАЛАЛАР!

Бала - адамның бауыр еті, көзінің нұры, өмірінің жалғасы. Бала болашағы үшін қаншама жан тер төгуде. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасау қажет екенін айта келе, 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады.

Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі. Сол себепті келесі жылды Балалар жылы деп жариялау керек деп есептеймін» – деді. Бұл жылды тек ұрандап немесе мереке түрінде атап өту ғана емес, ең алдымен билік тарапынан денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру саласында балаларды қорғау мақсатында нақты іс-шаралар жасалуы керек. «Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз», – деп атап өтті Президент.

Тоғжан НҰРМАХАН,
4-курс студенті



ТАБИҒИ ӨНІМГЕ НЕ ЖЕТСІН?!

Әйгілі Оксфорд университетінің ғалымы 30 жылдық зерттеу нәтижесін жариялады. Тіпті адам шошырлық.....

2050 жылға қарай немесе одан аз кейін адамдар баланы тек лабораториядан өндіріп алмаса өздері дүниеге әкелетін заман келмекке кетеді екен.

Оған себеп біздің улы химикаттарды тым көп тұтынуымызда депті ғалым еңбегінде. Қазірге дейін адамзаттың көбейуін тежейтін, күнделікті өмірде қолданатын 1000 түрлі зат бар екен.

Әсіресе олардың ішінде біздің түбімізге жететін мына бес түрлі зат екен: (ол кісі тек химиялық атын жазған екен мен жәй халыққа түсінікті болу үшін жақша ішіне ол заттың қайдан келетінін көрсетіп қойдым.)

Жанбайтын пластиктер (пластик ыдыс аяқтар, мысалы торт, печене т.б. пісіретін отқа төзімді қалыптар);

Фталаттар (пластик бөтелке жасауда қолданылады);

Бисфенолдар (алюминий құтының ішінде болады, мысалы алюминий құтыдағы кола, фанта, немесе басқа сусындар да көресіз);

Перфторлы қосылыстар (тамақ жабыспайтын қазанда болады);

Пестиситтер (жемістер мен көкөністердің бетіне шашады).

Одан тыс баллардың күнделікті өмірде қолданатын 27 түрлі заты мен ересектер қолданатын 126 түрлі затта көбеюге қарсы химиялық заттар бар

деп жазған екен. Бірақ олардың аттарын жазбапты.

Қысқасы түсінген боларсыздар тек табиғи өнімдерді тұтыну керек.

Ал нәрестерлерге сүт беретін ыдыстарды (сатып алған ыдыстарды) ыстық суға ішін де, сыртын да кем дегенде жарты сағат салып қойыңыз, сосын тазалап жуып қолданыңыз.

Ал үлкендер және балалар пластик ыдысқа ешқашан ыстық зат салып жеуге болмайды, ана Фталат деген бәле тамамға оңай өтіп кетеді.

Пластик ыдыстарды ыстық суға кем дегенде жарты сағат салып қойып, еритін бәлесін ерітіп алып тәгіп тастау керек. Бірақ пластик ыдысқа ыстық тамақ салып жеуге мүлде болмайды.

Жоғарыдан байқағандай күйдірмейтін қазанды пайдаланбаңыз. Күйдірмейтін (жабыспайтын) қазан денсаулыққа зиянды, әрі бағасы өте қымбат.

АҚШ да Фталаттар 2017 жылы, Перфлорлы қосылыстар 2018 жылы шектелген екен. Бұл екі түрлі зат та бізде шектелген жоқ. Бәрі білімнің таяздығы. Сондықтан өз денсаулығымыз үшін, өз ұрпағымыз үшін өзіміз күйінейік.....

Бағдат КАМАЛ,
4-курс студенті

СҰЛУЛЫҚҚА СҰЛУ ӨЛЕҢ

Ерге де, әйелге де ырыздықты тең бөлген, біз сондықтан бақыттымыз сендермен.

О арулар!

Қарындастар, аналар!

Ең бақытты жандарсыңдар мен көрген.

Замананың заңғар ойын меңгерген,

сұлулықпен бар әлемге ең берген. Әдемілік тек сендерге тән ұғым,

ең көрікті жаратылыс мен көрген. Жан сұлулық ар - иманмен сәнделген,

тән сұлулық тектілікке мән берген. Екеуіде сендер үшін бағалы,

ең қымбат сый мен көрген. Сұлулықтың шежіресінен сыр шерткен,

Хауа ананың өнегесін үлгі еткен. Өзін ерден төмен ұстап сыйлаған,

мен сендерге басымды ием құрметпен.

Ана деген асыл сөздің тегінде, бір ұлы күш жатады екен көмілген.

Жәннат баққа бастар жолдың бірі иманға,

екіншісі тек сендерге берілген. Жанарлары күндей күлген мейірмен,

нәзік жандар аулақ болсын кеуден. Әйелге тән бар бақытқа балқындар,

баға жетпес өмірдегі алтындар! Сүйкімдіні, жылатпағын сүй жаным,

махаббат пен сұлулыққа қи бәрін. Сезімдердің басын қосып жүректен,

сұлулыққа сұлу өлең силадым.

Қағыбат БӨКЕН,
3-курс студенті



Ahmet Yesevi Üniversitesinde “Sürdürülebilir Kalkınma Araştırma Merkezi” Açılış Konferansı Gerçekleştirildi




Ahmet Yesevi Üniversitesinin kuruluşunun 30. yıl dönümüne özel hazırlanan bilimsel faaliyetler kapsamında “Sürdürülebilir Kalkınma Araştırma Merkezi” 12 Nisan 2022 tarihinde düzenlenen çevrim içi ve çevrim dışı konferans ile açıldı.

Merkezin açılış törenine Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektörü Dr. Janar Temirbekova, Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, Birleşmiş Milletler Kazakistan Temsilcisi Yakup Beriş, Almanya Federal Cumhuriyeti'nin Kazakistan Cumhuriyeti Büyükelçisi Monica Iverson,

Kuzey Makedonya Kazakistan Büyükelçisi Sali Limani ve UNICEF Kazakistan Temsilcisi Arthur van Diesen başta olmak üzere çeşitli ulusal – uluslararası kurum ve kuruluşların yetkilileri katıldı.

Toplantıda dünya genelindeki sürdürülebilir büyüme ve kalkınma parametrelerinin yanı sıra Ahmet Yesevi Üniversitesinin sürdürülebilir bilimsel bilginin sağlam temellerinin geliştirilmesine katkı sağlamasına ve bilim camiasındaki önemli rolüne vurgu yapıldı.

Ahmet Yesevi Üniversitesinde “Almanya’da Türkoloji Araştırmaları” Konferansı Düzenlendi



genel tarihine değinerek sunumuna başlayan Prof. Dr. Demir, “Türkoloji Nedir?” sorusunu da detaylı bir şekilde ele aldı. Konferansta ayrıca Alman Türkologların yaptığı Türk dili ve kültürü çalışmalarının genel özellikleri, içeriği ve Türkoloji için

Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Araştırma Enstitüsünün düzenlediği “Perşembe Konuşmaları” seminer dizisinin 7 Nisan 2022’de gerçekleştirilen programına Hacettepe Üniversitesi Çağdaş Türk Lehçeleri ve Edebiyatları Bölümü Öğretim Üyesi Prof. Dr. Nurettin Demir, “Almanya’da Türkoloji Araştırmaları” başlıklı sunumuyla konuk oldu.

Almanya’da yapılan Türkoloji çalışmalarının

önemine vurgu yapıldı.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Araştırma Enstitüsü Müdürü Prof. Dr. Bülent Bayram’ın yönlendiriciliğinde gerçekleştirilen, Üniversitemiz Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar ve çeşitli üniversitelerden akademisyenlerin ve öğrencilerin katıldığı konferans, soru-cevap bölümünün ardından konuşmacıya teşekkür belgesinin takdimiyle sona erdi.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Heyeti Gazi Üniversitesini Ziyaret Etti

Üniversitemiz Rektör Yardımcıları Prof. Dr. Elmira IDIRISOVA, Doç. Dr. Ainash OSHIBAYEVA, İlahiyat Fakültesi Dekanı Prof. Dr. Dossay KENJETAY, Tıp Fakültesi Dekanı Prof. Dr. İkıl Moldaliyev Türkiye’de bir dizi görüşmeler gerçekleştirdi.

Gazi Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Musa YILDIZ, Gazi Üniversitesi Tıp Fakültesi Dekanı Prof. Dr. Mustafa Necmi İLHAN ile görüşen heyet üniversiteler arası ikili iş birliği ve mezun öğrencilere çift diploma verilmesi hususunu değerlendirdi.



Ahmet Yesevi Koleji Öğrencisi Bekaris Bahitjan Güreş Şampiyonasında Altın Madalya Kazandı

Ahmet Yesevi Koleji öğrencisi Bekaris Bahitjan, Kızılıorda şehrinde 6 – 16 Nisan 2022 tarihleri arasında düzenlenmekte olan “Kazakistan 17-23 Yaş Güreş Şampiyonası”nda 71 kg’da finaldeki rakibini geçerek şampiyon oldu ve altın madalya kazandı.

Öğrencimizi ve antrenörlerini kutlar, başarılarının devamını dileriz.



Üniversitemiz Öğrencisi Sagyndyk Toganbai Boks Şampiyonasında Bronz Madalya Kazandı

Ahmet Yesevi Üniversitesi Spor Fakültesi öğrencisi Sagyndyk Toganbai, Tayland’ın Phuket şehrinde düzenlenen “Gençler Uluslararası Boks Şampiyonası”nda 91 kg’da üçüncü olarak bronz madalya kazandı.

Öğrencimizi ve antrenörleri Myragali Aitghanov ile Erkebulan Kopesov’u kutlar, başarılarının devamını dileriz.

РУХАНИЯТ

ЖАРАМАЗАН АЙТА БІЛЕСІЗ БЕ?

Ауыз ашар басталған сәтте, әлденеге алаңдап отырамын. - Неге алаңдаймын, нені іздеп отырмын - деп ойланып жүргенмін. Шүкір Аллаға, жаныма керектің бәрі алдымда, дастархан жаюлы, келіндер қызметін істеп жатыр, не іздеймін? Соны бүгін таптым. Ауызашар кезінде есік қағылды, жүгіріп есік ашуға ұмтылдым. Шаруамен кірген көрші келіншек Маржан екен. Кішкентай сәбиі үйге кіріп, шашылып жатқан немерелердің ойыншықтарына ұмтылды. Мен сонда өзімнің нені іздеп жүргенімді түсіндім. Жарамазан айтып, шулап келетін балаларды іздеп жүр екенмін. Түркістанға алғаш келгенімде, көп ұзамай ораза басталды, сонда ауызашар сәтінде балалар шулап есік алдына келіп тұратын. Ондағы жарамазан сөздері маған ұнамайтын. "Алып шық, алып шық, сары табаққа салып шық", - деген сияқты сөздер болатын. Сосын есік алдына келген балаларға төтті беріп тұрып: Дұрыстап әдемі сөздермен жаттап келіндер, сосын бата берулерің керек, бата жаттаңдар, - деп айтатынмын. Балалар жарамазан сөздерін дұрыстап, соңынан бата беруді де үйренді. Қазір оңтүстікте балалар жарамазанды жақсы айтады.

Ал, мен өскен аймақта біз бала кезімізде жарамазан айтқызбайтын. Мектепте оразаның алдында түсіндіру жұмыстар жүргізіліп, ескіліктің сарқыншағы деп тыйым жасайтын. - Сол мұғалімдер соған шын сенді ме екен, әлде үкіметтен қорқып, осылай үгіт жүргізді ме екен? - деп қазір ойланамын. Мен бала кезімде бір-ақ рет жарамазан айтқан адамды көрдім. Тоғызыншы сыныпта оқитын кезім. Сол жылдары ораза көктем мезгіліне сәйкес келді. Астында биік көк аты бар, басында бөрік үстінде қазақы шекпені бар, сақалы желбіреген келбетті бір ақ сақалды кісі ат үстінде домбыра тартып келе жа-

тыр екен. Таң қалып қарап қалдым. Әжем есік алдында күншуақта отыр екен. Анам да далада тірліктерімен жүр. Өлгі аттылы кісі әжеме қарап: - Құдағай, келіп қалдық аймағыңа, Бассаңшы құдіретті айғайыңа. Рамазан айында айтылатын, Жарамазан сыбағасын, ал, дайында, - деп әндете жөнелді. Осы шумақ қана есімде қалыпты. Әжем: Ай, шығыңдар, жарамазан сыбағасын беріңдер! - деп әмір ете дауыстады. Анам үйден сол кездегі тәуір мата қатарында жүретін екі метр пұлыш (қыжым) алып шығып, қоржынына салды. Қоржынға көзім түсті. Қолдан тоқылған кілем қоржын екен. Ол кісі өлеңмен төгілдіріп бата берді. Кешке дастархан үстінде анам әжеме жарамазан айтқан кісі туралы әңгімелеп отырды. - Ой, жарықтық, жарамазан айтатын адам әлі де бар екен-ау, жақсы салт жоғалмаған екен ғой, - деп әкем күрсінді... Ертеңіне мектепте ол кісі туралы мұғаліміміз "қайыршы" деп жақтырмай әңгіме етті. Маған ескілік пен жаңалықтың күресі деген ой келді...

Тәуелсіздік алғаннан соң жоғымызды түгендей бастадық қой. Соның бірі осы жарамазан айту дәстүрі. Үлкен қалаларда, әсіресе, көп қабатты үйлерде бұны айтуға мүмкіндік жоқ. Ал, оны айтып шулайтын қазақша сөйлейтін бала да жоқ. Бір-бірімен тек орысша шүлдірлейтін балалар жарамазанды қайтсын? Осылай бұл дәстүр де салтымыздан шығып қалар ма екен? Мен жарамазан айтып шулаған балаларды іздеп жүр екенмін, нені іздеп жүргенімді таптым, бірақ оны айтатын балалар жоқ...

Жанымгүл КАМАЛҚЫЗЫ . Астана. 14.04.2022.

«МАХАББАТТЫҢ КӨКТЕМІ»
АТТЫ ӨН КЕШІ ӨТТІ

Оқу ордамызда университетіміздің түлегі, Халықаралық байқаулардың лауреаты, п.ғ.к ұстаз әрі әнші Анар Ақбаеваның «Махаббаттың көктемі» атты өн кеші өтті. Анар Ақбаева аталған кешті университетіміздің 30 жылдығына арнады.



Сазды кешті сағынған жұртшылық Анардың өндерін сүйсініп отырып тыңдады. Өнер сүйер көпшілік қауымға қуаныш пен көтеріңкі көңіл-күй сыйлаған өн кешінде Анардың мәртебесін асқақтатып,

мерейін тасытуға қанаттас, замандас достары, университет түлектері де қонақ болды.

Атап айтсақ, университетіміздің журналистика кафедрасының доценті, белгілі журналист, ғалым, студент кезінде осы оқу ордамыздың атын керемет өндерімен елге танытып мәртебесін көтерген Халықаралық, Республикалық бірнеше байқаулардың лауреаты атанған Молдияр Ергебек, Орындаушылық өнер кафедрасының оқытушысы, Халықаралық байқаулардың лауреаты, ҚР Мәдениет саласының үздігі, университетіміздің түлегі, әнші Мақсат Айтжанов, сонымен қатар университетіміздің «Атамекен» ұлт-аспаптар оркестрінің жетекшісі, музыкант-ұстаз Сырым Айсынов пен Халықаралық байқаулардың лауреаты Шерәлі Тұрсынметовтер елдің қошеметіне бөленіп, әншінің мәртебесін асқақтатты.

Әдемі кеш иесі концертті ұйымдастыруға ұйытқы болған университет басшылығына, түлектер қауымдастығына, Мәдениет орталығына және барша жанашыр жандарға алғыс білдіре отырып, «Түркістанның бектерінде, махаббаттың көктемінде» қайта көріскенше сау-саламат тілей отырып өзінің білім алған қара шаңырағымен қимай қоштасты. Лирикаға толы әсерлі кеш көрерменнің есінде ұзақ қалары сөзсіз.

15 СӘУІР – ҒАШЫҚТАР КҮНІ

15 сәуір – Қозы Көрпеш – Баян сұлу ғашықтар күні ретінде мереке болып аталып келеді. Бұл күнді атап өту туралы бастама 1999 жылы көтерілген болатын. Аталған мереке XIV-XV ғасырлардағы Қозы Көрпеш – Баян сұлу махаббатының символы ретінде аталып өтіледі.

Қозы Көрпеш – Баян Сұлу күнінің тарихы

Жыл сайын бұл мереке 15 сәуір күні аталып өтеді. Мәңгілік махаббат символына айналған Қозы мен Баян күнін алғаш 1999 жылы қоғам және мемлекет қайраткері Дархан Мыңбай ұсынған еді. Ол жастар ұйымдары, оқу орындары мен бұқаралық ақпарат құралдарын ұлттық ғашықтар күнін мерекелеуге шақырды. Қозы Көрпеш – Баян Сұлу жыры Қозы Көрпеш — Баян Сұлу эпосы – халқымыздың інжу-маржаны, асыл қазынасы. Бір-біріне қосыла алмаған қос ғашықтың қайғылы махаббатын жырлайды. Лиро-эпостық жыр XIII-XIV ғасырлардан бастап жырланып, XIX ғасырдың ортасы тұсында қағазға түсірілді. Қозы мен Баян эпосы Сыбанбай, Бекбау, Жанақ, Шөже ақындар арқылы ауыздан-ауызға тарап, ұрпақтан-ұрпаққа жетті.

Бүгінде 20-ға жуық нұсқаның ішінен ең белгілісі – Жанақтың нұсқасы. Махаббатжыры Сарыбаймен Қарабайдың аң аулап жүріп, бел құда болуынан басталады. Екі әке серттесіп, Қозы мен Баянды қоспақ болады. Бірақ, аң аулап жүріп, ұлды болғанын естіген Сарыбай баласын көре алмай қаза болады. Уақыт өте, дүниеқоңыз Қарабай "қызымды

жетім ұлға бермеймін" деп, бір кездері отарын жұттан құтқарған Қодарға ұзатпақшы болады. Қос ғашықтың қосылуын қаламаған Қодар айласын асырып, Қозыны өлтіреді. Қайғыдан қабырғасы қайысқан Баян Сұлу өш алу үшін қулыққа басады. Ол Қодарға құдықтан су алып берсе, оған күйеуге шығатынын айтады. Қыздың сөзіне сенген Қодар оның бұрымынан ұстап, құдықтың түбіне түсе бергенде, Баян бұрымын кесіп тастайды. Осылайша, Қодар түпсіз тұңғиыққа құлап өледі. Содан кейін Баян ғашығы жатқан күмбезге келіп, өз-өзіне қол жұмсайды. Белгілі жазушы, драматург Ғабит

Мүсіреповтің осы аттас пьесасы бар. Шығарма 1939 жылы сәуір айында жазылып біткен. Баян Сұлу – Қозы Көрпеш трагедиясы алғаш рет 1940 жылдың 29 сәуірінде М. Әуезов атындағы Қазан мемлекеттік академиялық драма театрында сахналанды. Ал 1992 жылы Асанәлі Әшімов түсірген



"Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу" кинокартинасы көрермендерге жол тартты. Шығыс Қазақстан облысының Аягөз ауданында Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу кесенесі бар.

Дәл сол кезде...

15-сәуір «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» күніне орай, университет кітапханасы мен Руханият клубы сезімге толы кеш өткізді. Шарада оқу орда ректоры студент жастарды аталған мерекелен күтпектеп, атаулы күннің махаббат пен сүйіспеншілікке арналғанын жеткізді. Лирикаға толы кеште студент жастар, махаббат өлеңдерін оқып, сезім қылын шертетін өндерін жұртшылық назарына ұсынды. Сондай-ақ жастардың кешкілік басқосуынан әдемі көрініс көрсетті. Онда алаулап жанған оттың жылуына малынып, әдемі саздың үніне тамсанып отырған жастардың бейнесі көрініс тапты. Көрерменнің ыстық ықыласына бөленген өнерпаздар зор қошеметке ие болды. Осылайша өрбіген махаббат мерекесі, келген әрбір жанның жүрегіне жылулық сыйлады.

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru

Медиа орталығы:

Журналист:
Эльмира АРТЫҚБАЕВА
elmira_artykbaeva@mail.ru

Фото маманы: Нақып Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.